



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____
город Астана

№ 747 от 02.12.2025

**2026 жылдың бірінші
жартыжылдығына бақылау мен
қадағалау субъектісіне (объектісіне)
бару арқылы профилактикалық
бақылау жүргізу тізімін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 141-бабының 4 және 7-тармақтарына, 144-2-бабының 4-тармағына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 30-бабының 4-тармағына, «Медициналық қызметтерді көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысының сапасы салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 15 қарашадағы № ҚР ДСМ-32 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 15 қарашадағы № 70 бірлескен бұйрығының 1-тармағының 1) тармақшасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 17744 болып тіркелген), «Медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын тәуекелі жоғары, орташа және төмен субъектілердің (объектілердің) тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы № ҚР ДСМ – 144/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 21483 болып тіркелген), «Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімдерінің нысанын және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімдеріне өзгерістер енгізу тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 9 қыркүйектегі

№ 182 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29580 болып тіркелген) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған медициналық қызмет (көмек) көрсету саласындағы бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу тізімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық жиынтық тізімін қалыптастыру үшін бекітілген тізімді заңнамада белгіленген мерзімге дейін құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға жіберсін;

2) осы бұйрықты Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларының назарына жеткізсін;

3) осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген тізімдерге сәйкес медициналық қызмет (көмек) көрсету саласында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуге бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енетін осы бұйрықтың 2-тармағын қоспағанда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі**

А. Әлназарова

Согласовано

01.12.2025 14:53 Бүтембаев Даурен Турсынбекулы
01.12.2025 14:57 Касымжанова Тота Базарбековна
01.12.2025 16:19 Ыскакова Айгул Кайруллиновна
01.12.2025 16:55 Темирханов Серикболсын Темирханович
01.12.2025 19:34 Джусипов Бауыржан Алишерович
02.12.2025 09:51 Беркинғали Нурданат
02.12.2025 11:53 Муратов Тимур Муратович

Подписано

02.12.2025 17:01 Альназарова Акмарал Шарипбаевна

Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан по Алматинской области Серикбол Ө. А.
Департамент Комитета медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан - КАРЛОВА КУРАЛ АЙ БЕРКБОЛЫЗЫ

